

Геосаяси фактор және қазақ қоғамының дамуы

Шаяхметов Н.

Тарих ғылымында адамзат қоғамының даму заңдылықтарын бір бағытты даму (однолинейность) тұжырымдамасы бойынша негіздеу теориясы қалыптасқаны белгілі. Оның бастауында тұрып, дамытқан «батысшылдар» мен марксизм іліміне негізделген формациялық теория өкілдері болды. Бұл тұжырымдама бойынша, барлық халықтар тарихи даму эволюциясының жалпыға бірдей ортақ жолымен жүріп өтеді деп дәйектейді. Ал, әлем халықтарының тарихи дамуы жағдайында қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерді бұл бағыттың өкілдері «қоғамның артта қалушылық» белгілері ретінде дәйектеген-ді. Мәселен, маркстік формациялық теорияға сүйеніп зерттелген қазақ қоғамы бұл қалыпқа сәйкес келмесе де, оған қазақ халқының экономикалық және мәдени тұрғыда артта қалушылығы деген біржақты баға берілді. XX ғ. дейінгі қазақ қоғамының артта қалушылығы мен мешеулігін, ғылым-білім саласының кенже дамығандығын жоққа шығаруға болмас, дегенмен тарихи дамуды формациялық теорияның догмалық қалыбына салу біржақты ғылыми тұжырым болғаны дәлелденді. Мәселен, сол тарихи кезеңнің өзінде-ақ Ахмет Байтұрсынов өзінің «Революция және қазақтар» атты мақаласында қазақ халқының социалистік революция идеяларын неге қабылдай алмағандығына жан жақты талдау жасай келе, оның бірден бір себебін қазақ қоғамындағы өзіндік даму ерекшеліктерінің қалыптасуымен түсіндіреді. Аталмыш мақалада: «...қазақтар үшін екінші революцияның (социалистік революция, авт.) түсініксіз болуын өте қарапайым түрде түсіндіруге болады: қазақтарда таптық жіктеліске негізделген капиталистік қатынастар болған жоқ еді, меншік нысандары да терең бөлінбеген, көптеген тұтынуға қажетті заттардың өзі қоғамдық меншікте болатын» деп, ашып көрсеткен еді,^{1/}.

Формациялық теорияның негізін қалаушылардың бірі Ф.Энгельс Шығыс халықтарының өзіндік тарихи даму жолының айқындалуын бірінші кезекте географиялық орта ерекшеліктерімен байланыстырғаны белгілі. Ол «Шығыс халықтарында неліктен жерге жеке меншік болған жоқ?» деген сауалды алға тарта отырып, оның себебін былайша түсіндіреді: «Меніңше, бұл ең алдымен, климат пен топырақтың сипатымен түсіндіріледі... Бұл жерде егіншіліктің негізгі талабы қолдан суару арқылы өсіру болатын, ал ол барлығына не ортақ іс, не аймақтардың немесе орталық үкіметтің ісі болған еді» деп, өзіндік тұжырымын жасаған-ды,^{2/}.

Адамзат тарихының дамуын қоғамтанушы ғалымдардың көпбағытты (многолинейность) даму тұжырымдамасы бойынша зерделеу негіздері де қалыптасқан. Бұл ғылыми тұжырымдаманың негізінде адамзат тарихының дамуын өзіндік ерекшеліктерімен айқындалатын өркениеттер тарихы ретінде қарастыру қажет деген пікір орнықты. Адамзат өркениеті- өзіне тән эволюциялық жолмен дамитын құбылыс. Мысалы, қоғам дамуының әр

кезеңдерінде байырғы Қазақ жерінде сақ өркениеті, кейін келе Тұран өркениеті, Ресей тарихында славяндық немесе еуразиялық өркениет, Қытай тарихында қытайлық өркениет, Шығыс елдерінде араб немесе ислам өркениеті қалыптасқаны белгілі. Бұл жерде көршілес өркениеттер бір-біріне өзара әсер етіп, бірін бірі байытып отыратынын жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, түркі-славян өркениеттерінің өзара ықпалы нәтижесінде еуразиялық өркениет қалыптасты. Мұндай синтездің көріністерін ХХ ғасырдың 70-жылдарында О.Сүлейменов өзінің әйгілі «АЗиЯ» атты еңбегінде көне орыс жазба ескерткіштерін зерттей отырып, лингвистикалық материалдар негізінде дәлелдеген болатын /3/. Сондай-ақ түркі дүниесіне мұсылман-араб өркениетінің әсері де күшті болғаны белгілі.

Кеңестік дәуірде Қазақстан тарихы ғылымының кәсіби мектебі қалыптасты. Бірақ тарихты зерттеудің теориялық - методологиялық тағаны мен әдістері тек формациялық теорияға негізделгендіктен қоғам дамуының заңдылықтары негізінен әлеуметтік-экономикалық факторлармен және таптар арасындағы күреспен түсіндірілді. Ал, бұл факторлармен бірге қоғам дамуында шешуші маңызға ие географиялық және табиғи-климаттық факторлардың ролі назардан тыс қалды. Өйткені, кеңестік тарих ғылымында «географиялық детерминизм» буржуазиялық ғылымның ойлап тапқаны, оның маңызы қосалқы роль атқарады деген тұжырым қалыптасқан еді. Дегенмен жаһандану үдерісі мейлінше белең алып отырған қазіргі кезеңде әлемдік және отандық тарих ғылымы күрделі сапалық өзгерістер кеңістігінде дамып отыр. Бұл кеңістікте түрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу парадигмалары мен методологиялық ұстанымдар түбегейлі өзгеріске ұшырап, олардың жаңа бағыттары қалыптасу үстінде. Қоғамдық ғылым салаларында зерттеушілер дәстүрлі таным үлгілерін қолданумен бірге зерттеудің инновациялық әдістеріне негізделген еңбектерін ұсынуда /4/. Сондай-ақ бұл инновациялық әдістердің ғылыми ізденістер аясына енгізілу үдерісі жүріп жатыр. Ал соңғы жылдардағы тарихнамадағы ахуалға жаңа методологиялық ізденістер және ғалымдардың зерттеу нысанасына алынып отырған мәселесінің мәні мен мақсатының айқындалуына қарай зерттеудің өзіндік ғылыми-интеллектуалдық моделін қалыптастыруға деген ұмтылыс тән болып табылады. Әсіресе, ғылыми зертеулерді пәнаралық синтез арқылы жүргізуге басымдық беріліп отырғандығын атап көрсеткеніміз абзал. Мұндай бағыттағы ұмтылыс қазіргі тарихшы-ғалымдардың басты қағидасына айналғандығы да мәлім. Дегенмен, пәнаралық синтез бен ғылымдар тоғысындағы зерттеу әдістері, бір жағынан алғанда, көтеріліп отырған кешенді мәселедегі негізгі ұғымдар мен зерттеу әдістерін қалыптастыруда методологиялық қиындықтар туғызатыны белгілі. Екінші қырынан алғанда, пәнаралық зерттеу әдістерін қолдану тарихшы-ғалымдардың алдында жаңа мүмкіндіктер мен зерттеудің жаңа көкжиегін аша түседі деп ойлаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда пәнаралық зерттеу әдістерінің бірі - тарихи географиялық зерттеулерге ерекше мән берудің маңызы зор деп білеміз. Өйткені «қазіргі кездегі гуманитарлық ғылым салаларының өзара пәнаралық байланысының нәтижесінде қалыптасқан жаңа зерттеу бағыты бойынша географиялық

кеңістік мәселесі ғылыми зерттеудегі объект ретінде емес, ғылыми таным үдерісіндегі субъект ретінде қарастырылады» /5/.

Адамзат тарихының барлық оқиғалары мен құбылыстары уақыт пен кеңістікте өтетіндіктен географиялық және табиғи-климаттық факторлар әрбір қоғамның немесе мемлекеттің қалыптасуы мен дамуында шешуші мәнге ие болатыны анық. Адамзат қоғамы индустриалды даму сатысына көтерілгенге дейін географиялық орта мен табиғи-климаттық жағдайларға барынша тәуелді болғаны белгілі. Қазіргі индустриалды қоғамда, яғни қоршаған ортаға антропогендік әсер мейлінше күшейіп отырған жағдайда да географиялық фактордың ролін мүлде жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, ғаламдық масштабта климаттың жылынуына әлемдік қауымдастықтың бекерден бекер алаңдаушылық білдіріп, дабыл қағып отырмағанын жақсы түсінеміз. Бұл географиялық факторлар тек қоғам дамуында ғана емес, әрбір халықтың өмірлік дүниетанымы мен менталитетінің ерекше белгілерінің қалыптасуына да ықпалы зор екені мәлім. Соған сәйкес бірқатар зерттеушілер географиялық орта мен табиғи - климаттық ерекшеліктер қоғам дамуын жеделдетуге немесе тежеуге үлкен әсері болатынын ерекше атап көрсетеді. Мәселен, орыстың көрнекті тарихшысы С.М.Соловьев орыс халқы үшін табиғаттың «өгейлік» танытқанына ерекше мән бере отырып, табиғи ортаның қолайсыздығы қоғам дамуындағы үлкен тежегіш факторға айналғандығын дәлелдейді /6/. Ал, орыс халқының тарихи дамуына табиғи-климаттық фактордың күшті әсері болғандығын өте құнды тарихи-фактологиялық материалдарға сүйеніп дәйектеген тарихшы Л.В.Милов, Батыс Еуропа мен Ресейдің тарихи дамуына салыстырмалы талдау жасай отырып, мынадай тұжырымға тоқтаған: «...климаттық ауытқуларды ескерген жағдайдың өзінде ауыл шаруашылық жұмыстарының көлемі (Ресейдің орталық аудандарында-авт.) барлығы 125-130 жұмыс күнін құрайды (ескі жыл санау бойынша сәуірдің ортасынан қыркүйектің ортасына дейін). Ең аз дегенде 400 жыл бойы орыс шаруалары үшін жерді сапалы түрде өңдеу қажет болған жағдайда, олардың оған деген уақыты мүлде жетпейтін еді, сонымен бірге уақыт малға азық даярлауға да жетпей жататын.... Осындай қатаң уақыт тығыздығы жағдайында еңбек еткен шаруалар қарапайым құрал-саймандарды пайдалана отырып, егістігін толығымен сапалы өңдеуге мүмкіндігі болмады, ал олардың өнімі көп жағдайда жердің құнарлылығы мен табиғаттың өзгерістеріне тәуелді болды. Мұндай жағдайда олардың жұмыс уақытының тығыздығына байланысты жердің өңделуі де сапасыз болғандықтан, өнім жинаған кезде олар тұқымға жіберген шығынның өзін қайтаруы екіталай еді... Шын мәнінде алғанда, орыс шаруасы үшін бұл ұйқысыз әрі демалыссыз, күні-түні еңбектенуді және бұл еңбекке жанұясының барлық мүшелерін (қарттар мен балалардың, ерлер істейтін жұмысқа әйелдердің еңбегін пайдалану және т.б.) жұмылдыруды талап етті. Ал, батыс еуропалық шаруалардан орта ғасырларда да, жаңа дәуірде де мұндай шығынды еңбек талап етілген жоқ еді, өйткені, бұл жердегі жұмыс уақыты анағұрлым ұзағырақ болатын. Кейбір елдерде егістіктегі жұмыстың үзілісі таңғаларлықтай қысқа болды (желтоқсан-қаңтар). Бұл жағдайлар,

әрине, жұмыс ырғағы үшін өте қолайлы жағдайлар туғызды. Сондай-ақ, егістік те сапалы өңделетін (4–6 рет). Ресей мен Батыс арасындағы ғасырлар бойы айқындалып келген ең басты іргелі ерекшелік, міне, осы жағдайлардан көрінетін» деп атап көрсетеді /7/.

Сондай-ақ, ғылыми тұрғыда географиялық танымның саясатқа да күшті әсері болды. Сол себепті бұл әсерден жаңа ғылыми зерттеу бағытының, яғни геосаясаттың ғылыми бағыт ретінде қалыптасуы заңды болатын. Салыстырмалы түрде алғанда геосаясаттың ғылыми-зерттеу әдістері мен дәстүрі енді ғана тереңдей бастаған ғылыми бағыт болып есептеледі. Геосаясаттың негізгі мәні - әрбір елдің географиялық орналасу жағдайын саясатпен тығыз байланысты қарастыру б.т. Яғни мемлекеттің сыртқы саясатының географиялық факторларға тәуелділігін айқындайды немесе географиялық және аумақтық факторларға сәйкес мемлекет саясатының қалыптасуын білдіреді.

Геосаясат ілімінің ғылыми-теориялық бастауында тұрған неміс географы Ф.Ратцель болып есептеледі. Ол өзінің еңбектерінде саясатты «кеңістікке тәуелділікте» зерттеудің негізін салды. Оны «мұхиттық мемлекеттер» мен «құрлықтық мемлекеттер» арасындағы күреспен негіздеп көрсеткен болатын /8/. Ф.Ратцельдің ғылыми тұжырымдарын одан әрі дамытқан зерттеуші Р.Челлен болды. Ол ең алғаш «геосаясат» терминін ғылыми айналымға енгізген еді. Р.Челлен «Ұлы державалар» атты еңбегінде мемлекеттің күштілігі мен қуаттылығын айқындайтын шаруашылық және демографиялық факторлармен бірге геосаяси факторлардың ролін де ерекше атап көрсетеді /9/. Сондай-ақ Р.Челлен «ұлы державалар» тұжырымдамасын негіздегені мәлім. Бұл тұжырымдама бойынша «ұлы державаларды» екі топқа бөледі: біріншісі – «қарапайым» ұлы державалар, екіншісі - әлемдік державалар. Бұл державалардың екі тобы да аса қуатты елдер болып саналғанымен, геосаяси тұрғыда олардың артықшылықтарымен бірге, тиімсіздіктері мен кемшіліктері де айқын байқалады. Бұл кемшіліктерді мұндай державалар геосаяси текетірестер мен қайшылықтар барысында шешуге тырысады.

Осылайша еуропалық геосаясат мектебінің негізі қаланғаннан кейін оны теориялық-методологиялық тұрғыда дамытқан зерттеушілер тобы қалыптасты. Ендігі кезекте зерттеушілердің назары кеңістік, географиялық орта және билік мәселелеріне аударыла бастаған еді. Олардың қатарында К.Хаусхопер, А.Мэхен, Х.Маккиндер және т.б. зерттеушілер болды /10/. Сонымен бірге, ХХ ғ. 20-30 жылдары қалыптасқан аса маңызды геосаяси концепциялардың бірі бүгінгі күнге дейін ғылыми-идеологиялық тұрғыда дамып келе жатқан – евразиялық тұжырымдама б.т. Оның негізін салып, дамытқан: Г.В. Вернадский, Л.Н. Гумилев, П. Савицкий және т.б. зерттеуші-ғалымдар болды/11/.

Ал, енді Қазақ елінің тарихи дамуының ерекшеліктеріне күшті әсер еткен геосаяси факторларға тоқталатын болсақ, оларды қоғамның дамуына қолайлы және қолайсыз тұрғыда әсер еткен факторлар деп екіге бөлуге болады. Бірақ қоғам дамуындағы геосаяси факторларды абсолюттендіру де

бір жақтылық болар еді деп ойлаймыз. Дегенмен, ең басты қолайлы геосаяси факторларға: Қазақ жерінің Еуропа мен Азия елдерін байланыстыратын Еуразия кіндігінде орналасуын және Ұлы жібек жолы қалыптастырған сауда жолдарының тоғысында орналасуын жатқызуға болады.

Ал қолайсыз геосаяси факторларға: біріншіден, Қазақ жері шекараларының сыртқы жаулардың басқыншылығына бөгет боларлық табиғи кедергілермен қорғалмауы; екіншіден, Қазақ жері географиялық тұрғыда континенттік құрлықта орналасқандықтан әлемдік мұхиттар мен теңіздерден алыстығы және теңіз арқылы әлемдік сауда жүргізу мүмкіндігінің болмауы; үшіншіден, шұғыл континентальді климат белдеуінде орналасуы жатады. Міне, осындай жағдайлар қазақ қоғамының дамуына елеулі түрде әсер еткен қолайлы және қолайсыз геосаяси факторлар деп есептеледі. Мұндай тізбекті одан әрі жалғастыра беруге де болады, алайда біз ең басты деген факторларды қарастыруды жөн көрдік. Салыстырмалы түрде қолайлы факторларға қарағанда қолайсыз геосаяси факторлар басымырақ екенін аңғарамыз.

Ендігі кезекте осылардың әрқайсысына дербес тоқталатын болсақ, Еуропа мен Азия құрлығын байланыстыратын Еуразия кіндігінде орналасуы Қазақ жерін мекендеген халықтар үшін еуропалықтардың да, азия халықтарының да өркениетінің жетістіктерін бойына сіңіріп, өзінің ішкі рухани құндылықтарын байытуға әрі жаңа сапалық деңгейде көтеруге қолайлы мүмкіндіктер туғызды. Олардағы ғылым-білім жетістіктерін қабылдады. Бірақта, бұдан Қазақ жерін мекендеген халықтар тек қана сыртқы өркениет жетістіктерінен ғана байып, өздері басқа халықтарға ешбір әсер ете алмады деген пікір қалыптаспауы керек. Мәселен, көшпенділер өркениетін зерттеуші ғалым А.Хазанов: «Тарихи дамудың белгілі бір кезеңдерінде көшпенділер отырықшы халықтардың мәдениетіне елеулі ықпал еткені белгілі. Ең алдымен, отырықшы халықтарға көшпенділер атқа міну мен соғыс өнерінде атты әскер құруды үйретті. Сонымен бірге, отырықшы халықтардың көшпенділермен өзара бейбіт қарым-қатынасы және әскери қақтығыстары Орталық Азия, Иран, Орта және Таяу Шығыс, ортағасырлық Еуропа, Қытай елдеріндегі әскери іс пен қару-жарақ жасау ісіне өте күшті әсер етті» деп, атап көрсетеді /12/.

Ал, Ұлы жібек жолының қай кезеңде болмасын қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүрген мемлекеттерге экономикалық және мәдени - рухани тұрғыда оң әсер еткені турасында зерттеушілер тарапынан дәлелді түрде айтылып та, жазылып та келеді. Сонымен бірге, бұл әлемдік маңызы бар сауда жолының негізгі тармақтары Қазақстан мен Орта Азия арқылы өткендіктен Византия, Иран сияқты ірі мемлекеттер Қытаймен және басқа да елдермен тиімді сауда қатынастарын жоғалтпас үшін бұл аймақтың саяси тұрақтылығына мүдделі болған-ды. Ал саяси тұрақтылық, өз кезегінде әр бір мемлекеттің дамуының басты кепілі болатыны дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Ендігі кезекте қолайсыз геосаяси факторлардың ең негізгісі ретінде, біздің пікірімізше, Қазақ жерлерінің сыртқы шекараларының табиғи

бір жақтылық болар еді деп ойлаймыз. Дегенмен, ең басты қолайлы геосаяси факторларға: Қазақ жерінің Еуропа мен Азия елдерін байланыстыратын Еуразия кіндігінде орналасуын және Ұлы жібек жолы қалыптастырған сауда жолдарының тоғысында орналасуын жатқызуға болады.

Ал қолайсыз геосаяси факторларға: біріншіден, Қазақ жері шекараларының сыртқы жаулардың басқыншылығына бөгет боларлық табиғи кедергілермен қорғалмауы; екіншіден, Қазақ жері географиялық тұрғыда континенттік құрлықта орналасқандықтан әлемдік мұхиттар мен теңіздерден алыстығы және теңіз арқылы әлемдік сауда жүргізу мүмкіндігінің болмауы; үшіншіден, шұғыл континентальді климат белдеуінде орналасуы жатады. Міне, осындай жағдайлар қазақ қоғамының дамуына елеулі түрде әсер еткен қолайлы және қолайсыз геосаяси факторлар деп есептеледі. Мұндай тізбекті одан әрі жалғастыра беруге де болады, алайда біз ең басты деген факторларды қарастыруды жөн көрдік. Салыстырмалы түрде қолайлы факторларға қарағанда қолайсыз геосаяси факторлар басымырақ екенін аңғарамыз.

Ендігі кезекте осылардың әрқайсысына дербес тоқталатын болсақ, Еуропа мен Азия құрлығын байланыстыратын Еуразия кіндігінде орналасуы Қазақ жерін мекендеген халықтар үшін еуропалықтардың да, азия халықтарының да өркениетінің жетістіктерін бойына сіңіріп, өзінің ішкі рухани құндылықтарын байытуға әрі жаңа сапалық деңгейде көтеруге қолайлы мүмкіндіктер туғызды. Олардағы ғылым-білім жетістіктерін қабылдады. Бірақта, бұдан Қазақ жерін мекендеген халықтар тек қана сыртқы өркениет жетістіктерінен ғана байып, өздері басқа халықтарға ешбір әсер ете алмады деген пікір қалыптаспауы керек. Мәселен, көшпенділер өркениетін зерттеуші ғалым А.Хазанов: «Тарихи дамудың белгілі бір кезеңдерінде көшпенділер отырықшы халықтардың мәдениетіне елеулі ықпал еткені белгілі. Ең алдымен, отырықшы халықтарға көшпенділер атқа міну мен соғыс өнерінде атты әскер құруды үйретті. Сонымен бірге, отырықшы халықтардың көшпенділермен өзара бейбіт қарым-қатынасы және әскери қақтығыстары Орталық Азия, Иран, Орта және Таяу Шығыс, ортағасырлық Еуропа, Қытай елдеріндегі әскери іс пен қару-жарақ жасау ісіне өте күшті әсер етті» деп, атап көрсетеді /12/.

Ал, Ұлы жібек жолының қай кезеңде болмасын қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүрген мемлекеттерге экономикалық және мәдени - рухани тұрғыда оң әсер еткені турасында зерттеушілер тарапынан дәлелді түрде айтылып та, жазылып та келеді. Сонымен бірге, бұл әлемдік маңызы бар сауда жолының негізгі тармақтары Қазақстан мен Орта Азия арқылы өткендіктен Византия, Иран сияқты ірі мемлекеттер Қытаймен және басқа да елдермен тиімді сауда қатынастарын жоғалтпас үшін бұл аймақтың саяси тұрақтылығына мүдделі болған-ды. Ал саяси тұрақтылық, өз кезегінде әр бір мемлекеттің дамуының басты кепілі болатыны дәлелдеуді қажет етпесе керек.

Ендігі кезекте қолайсыз геосаяси факторлардың ең негізгісі ретінде, біздің пікірімізше, Қазақ жерлерінің сыртқы шекараларының табиғи

кедергілермен қорғалмауы тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын үлкен қиындықтар туғызып отырды. Қазақ жерлерінің теңіздермен (Каспий мен Аралдан басқа) немесе биік таулармен (Алтай мен Алатау сілемдерінен басқа) қорғалмауы бұл жерді мекендеген халықтардың сыртқы жаулардың шапқыншылығына қарсы аса зор материалдық шығындармен қорғануына тура келді. Солтүстік, оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс аймақтардың географиялық тұрғыда ашық болуы сыртқы жаулардың еш кедергісіз баса көктеп кіруіне қолайлы жағдай жасады. Оған мысал ретінде бір ғасырдан астам уақыт оңтүстік-шығыстан шапқыншылық жасаған жоңғарларға қарсы жүргізілген соғыс пен солтүстікте Ресей басқыншылығына қазақ халқының төтеп бере алмауына осы геосаяси факторлардың елеулі ықпалы болғандығы сөзсіз. Бұл қолайсыз геосаяси фактор соғыстар барысында қазақ халқынан адам мен материалдық ресурстарды мейлінше көптеп жұмылдыруды талап етті және ол қоғамның ішкі демографиялық және экономикалық ресурстарының әлсіреуіне әкеліп соқтырғаны тарихтан белгілі.

Қазақ қоғамының дамуына тежеу болған тағы бір елеулі факторлардың бірі - әлемдік мұхиттар мен теңіздерден алыс орналасуы еді. Бұл Қазақ жерін мекендеген халықтардың экономикалық тұрғыда неғұрлым тиімді теңіз саудасынан тыс қалуына табиғи алғышарт жасады. Теңіз саудасының дамуы Ұлы жібек жолының маңызын біршама төмендетіп тастағаны мәлім. Ал бұл аймақтарда тарихтың әр кезеңдерінде болған ірілі-ұсақты соғыстар және моңғол, одан кейінгі жоңғар шапқыншылығы кезінде аталмыш сауда жолының қалыпты қызметіне кері әсер етті. Бұл жағдай қоғамның ең алдымен, экономикалық дамуына үлкен соққы болғаны аян. Сонымен бірге шұғыл континентальді климат жағдайы да қоғам дамуындағы тежегіш фактор б.т. Өйткені ол, адамдардың күнделікті өмірі мен тұрмыс-тіршілігінде, шаруашылық қызметінде қосымша материалдық шығындарды талап етті. Біріншіден, мұндай қолайсыз климаттық жағдай Қазақ жерінде мекендеген халықтардың экстенсивті мал шаруашылығына басымдық беруіне алғышарт жасады, егін шаруашылығының қалыпты дамуына кедергі болды. Екіншіден, солтүстік аймақтарда қоныстанған ру-тайпалардың қыстауларда ұзағырақ отыруына себепкер болды, үшіншіден, бұл аймақтарда мекендеген халықтардан үй-жайды, қора-қопсыны жылылауға, тебіндей алмайтын мал үшін қысқыға азық дайындауға, бала-шағасын жылы киім-кешекпен қамтамасыз етуге және т.б. тұрмыстық қажеттіліктер үшін қосымша шығындарды талап етті. Ал, шұғыл континентальді климатты аймақтарда жиі қайталанып тұратын табиғи қуаңшылық пен жұттардың нәтижесінде төрт түлік малдың шығынының көбеюіне, ол өз кезегінде адамдардың аштық қасіретіне ұшырауына әрі түрлі эпидемиялық аурулардың таралуына әкеп соқтырып отырды.

Міне, осындай геосаяси және табиғи-климаттық факторлар қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін, қазақ халқының менталитеті мен дүниетанымдық құндылықтарын қалыптастыруда елеулі ықпалы болды. Сондықтан да Отан тарихының мәселелерін зерттегенде қоғам дамуына әсер ететін саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-

рухани факторлармен бірге геосаяси факторлардың да шешуші ықпал ететінін ескере отырып, тарихи және табиғи құбылыстарды үйлестіре зерттеген абзал. Ал қазіргі кезеңдегі қоғам дамуындағы геосаяси факторлар мәселесі зерттеушілер тарапынан әлемдік қауымдастықтағы интеграциялық және жаһандану үдерістерімен тығыз байланысты зерттелуі тиіс деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтурсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей, 1919, 3 августа
2. Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения. Том 23.- М., 1974.- с. 201
3. Сүлейменов О. Аз и Я.- Алматы, 1992
4. Жакишева С.А. Клиометрика в Казахстане: ретроспекция и перспективы // Отан тарихы - Отечественная история.- 1999, N 3; Таймагамбетов Ж., Осколков В. Задачи внедрения теоретико-концептуальных инноваций в учебный процесс// «Методологические и теоретико - концептуальные инновации в исторической науке Казахстана и проблемы их освоения» Материалы Международной научно-практической конференции.- Отан тарихы, 2003, №1; Жүгенбаева Г. Қазақ гуманитаристикасы және ұлт тарихын зерттеу//Отан тарихы - Отечественная история.- 2005, N 1,
5. Власюк О.А. Проблема исследования пространства: от становления научного знания к междисциплинарному синтезу // Вопросы методологии и истории: сборник научных статей / под ред. В.Н.Худякова.- Омск: Изд-во ОмГПУ, 2008.- Вып. 12.- 164 с. (С. 20-33)
6. Соловьев С.М. Публичные чтения о Петре Великом.- М., 1984.- с. 18-19
7. Милов Л.В. Природно-климатический фактор и особенности российского исторического процесса //Вопросы истории. 1992. № 4/5
8. Ратцель Ф. Земля и жизнь: сравнительное землеведение.- СПб.: Просвещение, 1896.- Т.1; Ратцель Ф. Народоведение.- СПб.: Просвещение, 1903
9. Челлен Р. Великие державы.- Лейпциг; Берлин.- 1914
10. Хаусхофер К. О геополитике. Работы разных лет.- М., 2001; Мэхен А. Влияние морской силы на историю (1660-1783).- М.; Л. 1941; Макиндер Х.Дж. Географическая ось истории // Классика геополитики. XX век: сб.- М., 2003.- С. 9-30
11. Гумилев Л.Н. Из истории Евразии.- М., 1993; Гумилев Л.Н. Ритмы Евразия: эпохи и цивилизации. М., 1993; Савицкий П.Н. Континент Евразия.- М., 1997; Вернадский Г.В. Опыт истории Евразии // В поисках своего пути: Россия между Европой и Азией.- М., 2000
12. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002 – 604 с. (465 стр)

Резюме

Данная статья посвящена проблемам географического детерминизма в развитии человеческого общества. Методология географического детерминизма дает возможность учитывать не только политические, культурно-духовные и социально-экономические факторы, но и влияния географической среды и природно-климатических условий в развитии исторических процессов.

Özet

Bu makale Vatan tarihindeki tarihi coğrafyanın sorunlarıyla ilgilidir. Araştırma tarihi coğrafyanın metotları tarihi gelişimindeki zaman ve saha kurallarıyla birlikte incelemeye imkan kazandırmaktadır. Çeşitli tarihi coğrafik araştırmalarını ele alarak toplumun tarihi gelişme özelliklerini açığa kavuşturabiliriz.

Resume

This article is dedicated to the problems of historical geography the History of Homeland. Historical - geographical approach gives an opportunity to consider not only temporal but spatial regularities of the development of historical processes. Consider reveals peculiarities of historical development of the region drawing into diverse historical - geographical sources.

Өзінің кемшіліктерін білетін адам ғана басқалардың қателіктерін кешіре алады.

Л. Толстой
